

ОСНОВНАЯ ЗАДАЧА, КОТОРУЮ ПРИЗВАНА РЕШИТЬ ЦИФРОВИЗАЦИЯ ТРАНСПОРТА, – УВЕЛИЧЕНИЕ ОБЪЕМА ТРАНЗИТНЫХ ГРУЗОПЕРЕВОЗОК ЗА СЧЕТ СОКРАЩЕНИЯ ВРЕМЕНИ В ПУТИ, ЧТО ПОЗВОЛИТ СУЩЕСТВЕННО УВЕЛИЧИТЬ ОБЪЕМ ТРАНЗИТА В ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОМ СЕКТОРЕ ПО ВСЕМ НАПРАВЛЕНИЯМ ИЗ КИТАЯ ЧЕРЕЗ КАЗАХСТАН – В ЕВРОПУ, ТУРЦИЮ И ИРАН.

Канат Мукушев,
заместитель генерального директора Союза транспортников Казахстана «KAZLOGISTICS»



№94 (2702)
12/11/2021

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

ЗАЯВКИ УГОЛЬЩИКОВ ВЫПОЛНЕННЫ

С начала подготовки к отопительному сезону 2021-2022 годов (с мая по октябрь включительно) АО «НК «ҚТЖ» перевезло более 4,7 миллиона тонн коммунально-бытового угля. Львиная доля перевозок, а именно свыше 2,2 миллиона тонн, приходится на уголь производителя АО «Шубарколь Комир». Также перевезено 1,6 миллиона тонн продукции АО «Каражыра» и свыше 170 тысяч тонн – ТОО «Богатырь Комир». Таким образом, ҚТЖ выполняет заявки угольщиков в полном объеме. При этом планы доставок в ряд регионов перевыполнены.

Асель ШАЙХЫНОВА,
Нур-Султан

В Акмолинскую область доставлено угля на 107% больше запланированного объема, в Актюбинскую область – на 176%. План доставки в Карагандинскую область выполнен на 120%, в Кызылординскую – на 129%, в Северо-Казахстанскую и Жамбылскую области – на 128%. В Южно-Казахстанскую область план перевозки коммунально-бытового угля выполнен на 108%.

Всего с января по октябрь текущего года железнодорожным транспортом перевезено около 86 миллионов тонн угля. Показатель вырос к уровню прошлого года на 3,7%. В том числе за 10 месяцев текущего года для потребителей страны общая погрузка составила 60 миллионов тонн твердого топлива, что на 16% выше показателя аналогичного периода прошлого года. На экспорт погрузено 25,7 миллиона тонн.

Для ҚТЖ в приоритете в полном объеме закрывать потребности ТЭЦ и населения. Работа по погрузке угля, а также соблюдение технологических сроков оборота подвижного состава, технологических норм погрузки/выгрузки грузов находятся на жестком контроле.

В Казахстане насчитывается более 63 тысяч полувагонов разных собственников, из которых 55% задействовано в перевозке угля. Грузоотправители сами выбирают собственника вагонов.

В парке техники АО «Қазтеміртранс» находится 24 тысячи полувагонов. При этом доля компании в объемах погрузки угля за 10 месяцев 2021 года по Казахстану составила 70% от общего количества перевезенного угля (более 42 млн тонн). При увеличении заявок от угольных разрезов парк полувагонов для перевозки угля ҚТЖ готов увеличить дополнительно.

Фото Александра ЖАБЧУКА



ПОДПИСАН ВАЖНЫЙ МЕМОРАНДУМ

Дочерняя организация АО «НК «Қазақстан темір жолы» – АО «KTZ Express» и один из крупнейших в мире операторов портов и терминалов PSA International подписали меморандум о сотрудничестве по организации цифровых перевозок по маршрутам Азия – Европа.

Документ направлен на создание цифрового торгового коридора и построение надежной цифровой инфраструктуры.

Наше сотрудничество с глобальным оператором PSA будет способствовать увеличению грузовых потоков и расширению глобальных торговых цепей, – подчеркнул руководитель АО «KTZ Express» Нурлан Игембаев.

Напомним, PSA International участвует в портовых проектах в странах Азии, Европы, Северной и Южной Америки.

Жаныбек КЕНЕС

ОН АЙДАҒЫ ӨСІМ

Үстіміздегі жылдың он айында Қазақстан аумағы арқылы өткен жалпы транзиттік жүк көлемі 19,5 млн тоннаны құрап, өткен жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда 3,7% жоғары болып отыр.

Соның ішінде теміржол көлігімен өткен транзит 17,2 млн тоннаны құрапты. Ал транзитті автокөлікпен тасымал қаңтар-қазан аралығында 2,3 млн тоннаны құрап, 2020 жылдың сәйкес мерзіміне қарағанда, 38,5% өскен.

Контейнерлік тасымалдың жалпы көлеміне келсек, биылғы он айдағы көрсеткіш 883,2 мың ЖФЭ-ні құрап, былтырғыға қарағанда 25% артық шыққан. Әсіресе, тасымал көлемінің Қытай – Еуропа – Қытай бағытында 36,4% өсіп, 604,5 мың ЖФЭ-ні құрап отырғаны байқалады.

Ислам ТАЛПАТ

ИНДУСТРИЯЛЫҚ САЯСАТТЫҢ ОҢ ЫҚПАЛЫ

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Бейбіт Атамқұлов Қоғамдық кеңестің беінеконференция форматында өткен отырысында ведомствоның 2021 жылғы 9 айдағы қызметі туралы есебін ұсынып, жұмыс жоспарымен таныстырды.

Ведомство басшысы алға тартқан мәліметтерге сүйенсек, өңдеуші өнеркәсіптің барлық секторларында өндіріс көлемі өсіп, жиынтық көрсеткіші 105,7% құраған. Мәселен, машина жасау саласы 22,8% деңгейдегі өндіріс көлемінің тұрақты өсімін көрсетіп отыр. Өңдеу өнеркәсібінің басқа салалары бойынша да оң динамика байқалады.

Бейбіт Атамқұлов, өңдеуші өнеркәсіптің берік негізі қалануына іске асырылып жатқан индустриялық саясаттың оң ықпал еткенін атап өтті. Бұл пандемия жағдайында да сала өсімін сақтауға мүмкіндік берген. Оның айтуынша, еліміздің транзиттік әлеуетін әрі қарай арттыру үшін келесі жылы Түркістан – Шымкент – Ташкент учаскесінде Дарбаза – Мақтаарал және Достық – Мойынты жылдамдығы жоғары теміржол желісі құрылысының жобаларын жүзеге асыру жоспарлануда екен.

Министр көлік саласында пандемияға қарамастан, транзиттің жалпы көлемі биылғы 9 айдың қорытындысында 17,5 млн тоннаны құрап, өткен жылдың сәйкес көрсеткішінен 2,4% жоғары болғанын атап өтті. Сондай-ақ, ол Мемлекет басшысы тапсырмаларының орындалуына да ерекше тоқталды.

Атап айтқанда, «Өнеркәсіптік саясат туралы» заң жобасы әзірленген. Онда орта және жоғары қайта балқытып өңделген тауарларды шығаратын кәсіпорындарды қолдау, бизнестің ыңғайласпа міндеттемелерін енгізу, кәсіпорындарды цифрлық трансформацияға және Индустрия 4.0 элементтерін енгізуге ынталандыру, отандық тауарларды ішкі және сыртқы нарықтарда ішпелі және өнеркәсіптің жай-күйі туралы жыл сайынғы ұлттық баяндаманы қалыптастыру шаралары қарастырылған.

Нұрбек БЕКЕН

ҚЫТАЙДАН – ҚАРАҒАНДЫҒА

Қытай мен Қазақстан арасында тағы бір контейнерлік пойыз ұйымдастырылды. Қытайдың Ганьсу провинциясына қарасты Ланьчжоу теміржол станциясынан құрамында ферросилиций өндіру арналған рудотермиялық пеш бар контейнерлік пойыз жөнелтілді.



Қазақстанға, Жаңа-Қарағанды станциясына бағыт алған құнды жүк 10 күн ішінде 3600 км қашықтықты жүріп өтіп, Алашанқоу-Достық шекаралық өткелі арқылы Қазақстанға келеді. Тасымалдау процесін Қытайдағы «KTZ Express» АҚ еншілес ұйымы – Xinjiang KTZ International Logistics Co ұйымдастырып отыр. Ал пешке тапсырыс беруші – YDD Corporation Қарағанды ферроқорытпа зауыты бағалы жүкті жеткізудің сенімді тәсілі ретінде теміржол арқылы контейнерлік тасымалды тандады. Жаңа пеш өнеркәсіптік және азаматтық құрылыста, авто-

мобиль – әуе кемесін жасауда, сондай-ақ, медициналық құралдар өндірісінде металл конструкцияларының сапасын арттыру үшін қолданылатын ферросилиций қорытпасын өндіруді ұлғайтады. Мұндай ерекше жүктер тасымалдаудың ерекше шарттарын сақтай отырып атқарылады. Болашақта сервис тұрақты болады. Ганьсу провинциясының Ланьчжоу қаласынан Жаңа-Қарағанды станциясына ай сайын бір контейнерлік пойыз жөнелту жоспарланып отыр, – дейді «KTZ Express» АҚ басшысы Нурлан Игембаев. Сұлғұл БАКЕСОВА

В ПРЯМОМ ДИАЛОГЕ

В Алматы прошла рабочая встреча руководства АО «НК «ҚТЖ» с трудовыми коллективами региона. В ходе мероприятия поднимались вопросы, связанные с повышением благосостояния железнодорожников и улучшения условий их труда.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Стоит отметить, что это уже вторая встреча с коллективами Алматинского региона, где главной темой стали вопросы оплаты труда и социальной политики на железной дороге.

Так, исполнительный директор по управлению человеческими ресурсами и планированию численности ТОО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» Адильжан Исмухамбетов рассказал, что ежегодно компания, согласно индикаторам бюджетирования, планирует увеличивать расходы по фонду оплаты труда на 5%. В 2021 году заработная плата повышалась дважды.

Принятие решения о повышении уровня заработной платы работникам линейных филиалов осуществляется с учетом фактически достигнутых финансовых результатов предыдущего года и роста эффективности производства компании.

Отдельно был затронут вопрос о премировании. Отмечено, что заложены единовременные премии ко Дню работников транспорта и Дню независимости РК, а также за выполнение показателей эффективности и КТУ (коэффициент трудового участия). В настоящее время данный вид премии получают монтеры и бригадиры

пути, проводники пассажирских вагонов и работники ЭЧ – электромеханики, электромонтеры и машинисты автомоторис. Ежеквартальная премия, которая выдается по итогам рейтинговой оценки по принципу отраслевого соревнования, выплачивается филиалам, показавшим наилучший результат.

Железнодорожников интересовало, в каких случаях работник может рассчитывать на изменение разряда, а точнее пошаговая процедура его повышения. Не ускользнул из внимания и вопрос доплаты за работу на открытом воздухе, при сложных метеорологических условиях.

Большое внимание привлекла тематика социальной политики, это материальная помощь, льготное санитарно-курортное лечение, летний отдых детей, медицинское обслуживание, ранний выход на пенсию при оптимизации должности. На все вопросы были даны исчерпывающие ответы заместителем председателя ОО «Казахстанский отраслевой профессиональный союз работников железнодорожного, автомобильного, воздушного и водного транспорта» Жупарбеком Сабитовым. Кроме того, он отметил, что в условиях пандемии и связанных с ней ограничений КАЗПРОФТРАНС активно участвует в разработке мер по социальной поддержке многотысячного

коллектива железнодорожников. Так, в период временной нетрудоспособности работников с подтверждением диагноза covid-19 или пневмония социальные выплаты назначаются в размере 100% от средней заработной платы. Также были даны разъяснения по получению материальной помощи.

Многих также интересовало запуск жилищных программ в регионах. В ходе встречи было озвучено, что в настоящее время действует льготное ипотечное кредитование под 11% для работников ҚТЖ от Народного банка.

В ходе беседы было уделено внимание молодежной политике и корпоративной культуре, проведению спортивных мероприятий, развитию физкультурного движения в регионах, волонтерства. Отдельным пунктом стояли приоритетные задачи на железной дороге – вопросы охраны труда и безопасности, улучшения санитарно-бытовых условий, здоровья сотрудников, социальной стабильности, качества форменной и спецодежды, обуви, а также обеспечения монтеров пути термосами для горячего питания.

В рамках встречи HR бизнес-партнер Алма Саулебаева рассказала, куда может обратиться работник за необходимой информацией и консультацией, где предусмотрена первая, вторая и третья линия поддержки со стороны руководства региональных филиалов и центрального аппарата АО «НК «ҚТЖ». Также Алма Тураровна сделала акцент, на том, что всегда нужна обратная связь из регионов для более плодотворной работы в целом.

Подводя итоги встречи, Адильжан Исмухамбетов сказал, что подобные рабочие поездки будут проводиться на регулярной основе, так как формат прямого диалога является более эффективным.



САЯН СЫЗДЫКОВ,
«ҚТЖ» ҰК АҚ Адами ресурстарды басқару департаментінің бас менеджері

ЖАЛАҚЫНЫ ӨСІРУДІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШІ – ОЛ ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІ, БАСҚАША АЙТҚАНДА, ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІН ЕДӘУІР АРТТЫРМАЙ, ЖАЛАҚЫНЫ БІР УАҚЫТТА ЕЛУ НЕМЕСЕ ЖҮЗ ПАЙЫЗҒА КӨТЕРУ МҮМКІН ЕМЕС. ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ҮШІН ТРАНСФОРМАЦИЯЛАУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЖОБАЛАРЫ МЕН БАСТАМАЛАРЫ ІСКЕ АСЫРЫЛУДА. БИЫЛ ТЕМІРЖОЛШЫЛАРДЫҢ ЖАЛАҚЫСЫ 1-ШІ ҚАҢТАРДА 10 ПАЙЫЗҒА ЖӘНЕ 1 ШІЛДЕДЕН ТАҒЫ ДА 10 ПАЙЫЗҒА ӨСТІ. АЛДАҒЫ ЖЫЛЫ ДА ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫНА СӘЙКЕС ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОСПАРЛАНЫП ОТЫР

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

«ПРОММАШКОМПЛЕКТ» ЖШС ЖЫЛЫНА

3 500 000

РЕЛЬС БЕКІТПЕСІН ШЫҒАРАДЫ

ҮСТІМІЗДЕГІ ЖЫЛДЫҢ ОН АЙЫНДА ЕЛ АУМАҒЫ АРҚЫЛЫ ТЕМІР ЖОЛМЕН

17,2 млн

ТОННА ТРАНЗИТТІК ЖҮК ТАСЫМАЛДАНҒАН

ЕКІБАСТҰЗ ТЕМІРЖОЛ КЛАСТЕРІНЕ КІРЕТІН КӘСІПОРЫНДАР ЖЫЛ САЙЫН ТЕМІРЖОЛҒА ҚАЖЕТТІ

85 млрд

ТЕҢГЕНІҢ ӨНІМІН ШЫҒАРАДЫ

БІР АПТАДА – 400 АДАМ

Ислам ТАЛҒАТ,
Нұр-Сұлтан



«ҚТЖ» ҰК» АҚ-да қызметкерлерді вакцинациялау жұмыстары толық көлемде жалғасуда.

Жалпы, 2021 жылдың 11 қарашадағы жағдай бойынша 92 мыңнан астам теміржолшы Covid-19-ға қарсы екпе қабылдаған. Соңғы аптада вакцинацияланған 400-ден астам теміржол қызметкері солардың қатарына қосылды. Жалпы, Компания бойынша бірінші компонентті алғандардың жалпы пайызы 84,3%, екіншісін қабылдағандар 82,1% құрап отыр.

Сөз реті келгенде, «Кедентранссервис» АҚ қызметкерлерінің де екпе алуда белсенділігі жоғары екенін атап өтер едік. Бүгінде компания қызметкерлерінің 96,1%-і коронавирус инфекциясына қарсы вакцинацияланған. Ал қалған қызметкерлердің денсаулығына байланысты профилактикалық екпе алуға қарсы тұрақты немесе уақытша медициналық анықтамалары бар көрінеді.

Ислам ТАЛҒАТ



ТАСЫМАЛ ЖҰМЫСЫНДА ТҮЙТКІЛ ЖОҚ

Жансая СЫДЫҚБАЙ,
Шымкент



Құрамында локомотивтерге техникалық қызмет көрсету пункті, құммен жабдықтау қоймасы мен Шымкент айналым депосы бар Арыс локомотив пайдалану депосының ғасырдан астам тарихы бар. Шымкент жүк тасымалы бөлімшесі бойынша жүк және жолаушылар құрамын тасымалдау міндетін үздіксіз қамтамасыз етіп келе жатқанына да сонша жыл.

Қызмет көрсету ауқымы да кең: Арыс-Тараз-Арыс және Арыс-Сарыағаш-Арыс бағытында жүк тасымалдау қызметтерін атқарады. Локомотив пайдалану паркi 97,5 бірліктен тұрады, оның ішінде жүк тасымалдау қозғалысында ВЛ80с маркалы электровоздар 55,5 бірліктен және КЗ8А маркалы отандық электровоздар 6 бірлікті құрайды. Осы жылдың он айлық көрсеткіші бойынша атқарылған жұмыс есебі жоспардан жүз пайызға асыра орындалып отыр.

Сонымен қатар, депоның ТО-2 циклды локомотивтерге техникалық қызмет көрсету пункті пойыздар қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге ауқымды үлес қосып келеді. Жыл басынан бері ВЛ80с маркалы электровозы мен ВЛ40с маркалы электровозы, ВЛ60Пк маркалы электровозы, ТЭМ-2 маркалы тепловозына, барлығы 7309,5 бірлік локомотивке тиісті техникалық қызметтер көрсетілген.

Биыл Арыс локомотив пайдалану депосының пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін сақтауды арттыруға үлес қосып жүрген бір топ озаттары түрлі марапаттарға ие болды. Атап айтқанда, «Адал еңбегі үшін» төсбелгісімен Берік Арысбаев, «Кәсібі бойынша үздік» төсбелгісімен Темірхан Салимбаев, Компания басшылығының Құрмет грамотасымен Саттар Дауылбаев және Қонысбек Қуатбеков, Компания басшылығының Алғыс хатымен Қуатбек Жандарбекұлы, Уали Ақатайұлы және Базарбай Мұстафаұлы марапатталды.

Суретті түсірген автор

АЛҒАШҚЫ ҚЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ ЕМТИХАНЫ



Нұр-Сұлтан станциясына биыл жаңадан жұмысқа тұрған жас теміржолшылар арасында дәстүрлі білім байқауы өткізілді. Бірнеше кезеңнен тұрған жарыста олар аға буын теміржолшылардан құралған қазылар алқасы алдында алғашқы қысқа дайындықтарын паш етті.

Ұлан ОРАЗ,
Нұр-Сұлтан

Байқау шарттары бойынша алдымен алғашқы қыстаушы теміржолшыларға қозғалыс қауіпсіздігіне қатысты ережелерден сұрақтар қойылды. Сол сұрақтарға белсенді жауап бергендер арасынан 15 теміржолшы іріктеліп алынды. Олар үш топқа бөлініп жарысты. Жарыстың талабы бойынша олар салаға қатысты сөзжұмбақ шешу, қарсыласта еңбек қорғау бойынша сұрақ дайындау, пойыздың натуралық парағын толтыру, қажетті тежегіш табандарын дұрыс есептеуі, берілген материалды дұрыстап бояу сынды шарттарды орындады. Арасында залдағы теміржолшылардың да белсенді болуы үшін оларға жұмысқа қатысты сұрақтар, жұмбақтар қойылып отырды.

– Биыл станциямызға 43 адам жұмысқа алынып отыр. Олардың ішінде пойыз құрастырушылар, белгі берушілер, қозғалыс жылдамдығын реттеушілер, операторлар бар. Осы кеше ғана оқуын бітіріп келген, әлі салада еш тәжірибесі жоқ жастарды оқытып, үйретіп, міне, енді оларға осы саланы тереңірек түсіндіру үшін жыл сайын өтетін байқауды ұйымдастырып отырмыз. Мұның ұрпақтар сабақтастығын жалғастырудағы мәнi зор. Біздің кластан тыс жүк және сұрыптау тораптық станциямыз – Қазақстандағы ең үлкен станцияның бірі. Бұл жерден еліміздің барлық бағыттарына пойыздар қатынайды. Оның үстіне астаналық станция – елорда теміржолының



бас қақпасы саналады. Сондықтан мұндағы теміржолшылардың білімі мен білігіне сын тағылмауы керек, сол себепті мұндай шараларға үлкен мән береміз. Оқудан, ізденуден жалықпаңыздар, сонда өз қызметтеріңізде зор табысқа кенелесіздер, – деді өз сөзінде станция бастығының бірінші орынбасары, байқаудың қазылар алқасының төрағасы Қайрат Оразбаев. Сонымен қатар қазылар алқасы қатарында станцияның бас инженері Рахымжан Дәрібаев пен техникалық бөлімінің бастығы Алаң Досанов та жас теміржолшылардың білімін бағалауға атсалысты.

– Кей командаларға төмен баға қойылды. Бірақ сіздер станция кезекшісі болмай-ақ оның жұмысына қатысты сұрақтарға жауап бергендеріңіз үшін бүгінгі «үштіктеріңізді» «бестікке» пара-пар деп бағалаңыздар. Кезінде біз де сіздер сияқты станцияға алғаш келген жылы

осы байқауға қатысу бақытына ие болғанбыз. Байқауға қатысқан барлық белсенді жастарға көп рахмет, – деді бас инженер Р.Дәрібаев.

Сұрақтардың көбі кіреберіс жолдардағы түсіру-тиеу жұмыстары, бағыттама бұрмаларының қандай бөліктерден тұратыны, жасанды құрылыстар және басқа да станциялық жұмыстармен байланысты қойылды. Байқау соңында үш команда жинаған ұпай сандарына қарай бірінші, екінші, үшінші орындарды иеленіп, арнайы марапатталды. «Үздік алғашқы қыстаушы-2021» марапатына ең жоғары ұпай жинаған Адема Жетпісова мен Алмас Ешмұхаметов ие болды. Сондай-ақ байқауға қатысқан барлық алғашқы қыстаушыларға ынталандыру сыйлықтары мен теміржолдағы қозғалыс қауіпсіздігі бойынша ережелер жинақталған кітап табысталды.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

АРЫС – ТЕМІРЖОЛШЫЛАР ҚАЛАСЫ



Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығымен тұспа-тұс келген Арыс қаласының 65 жылдық мерейтойы қарсаңында қалаға кіреберістегі «Дендросаябақ» алдына темір жол тарихынан сыр шертетін, бүгінде көненің көзіне айналған паровоз ескерткіші қойылды.



Жан ПЕРДЕБЕК,
Арыс

Ашық аспан астындағы мұражайға орналастырылған паровоздың салтанатты лентасын ҚР Парламенті сенатының депутаты Әлімжан Құртаев, Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеев және Арыс қаласының құрметті теміржолшылары қиды.

Бұл айбынды монумент теміржолшылар қаласы атанған барлық арыстық теміржолшылардың ғасырдан астам қажырлы еңбегіне деген құрмет пен тағзым болмақ. 1946 жылы Улан-Уде қаласындағы зауыттан шыққан, салмағы жүздеген тоннаны құрайтын отарбаны Шығыс Қазақстан облысы, Шемонайха станциясынан әкелген.

Жиырмамыншы ғасырдың басында қазақ халқының тұрмысына дендеп енген темір жол Арыс қаласына өткен ғасыр басында тартылған «Орынбор-Ташкент» темір жолының құрылысымен кел-



ді. Сол кезден бастап күрежолдың бойындағы Арыс станциясы үлкен тораптық станцияға айналып, жергілікті халық үшін теміржолшы атақәсіпке айналды. Бүгін, міне, арыстық теміржолшылардың ерен еңбегіне көрсетілген құрмет ретінде тұғырға қонған көнекез отарба арыстықтар үшін айтулы оқиға болып, ардагерлер ескі достарымен кездескендей көздеріне жас алды.

Салтанатты шарада сөз алғандар қазақстандық теміржолшылардың ерен еңбегін кейінгі буынға үлгі етуді көздейтін мұндай бастамалардың құндылықтарды дәріптеу арқылы ұрпақтар сабақтастығын сақтап, жас буынды тәрбиелеуге ықпалы зор болмағын тілге тиек етті. Сондай-ақ, отарбаның Арыс қаласына жеткізілуіне тікелей ықпал еткен «Қазақстан темір

жолы» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Нұрлан Сауранбаевқа алғыс айтылды.

Арыс қаласы әкімінің ұсынысы білдіріумен жобаны сәтті жүзеге асыруға Құрметті теміржолшы Мақсұт Іскендіров бастаған ардагерлер, тарихтың тірі куәгерінің тұғырға жеткізіліп, орнатылуына демеушілік жасап, материалдық көмек көрсеткен Ермеқбай Ермановтың да зор үлесі атылып өтті.

Бұдан бөлек, Арыс қаласындағы Теміржолшылар паркi де қайта жаңғырды. Өткен ғасырдың 60-шы жылдары бой көтерген саябақ Арыс қаласының 65 жылдығына орай мүлдем жаңа кейіпке енді. Орындықтар ауыстырылып, балаларға арналған түрлі ойын аттракциондары орнатылды. Сондай-ақ жаяу жүргіншілерге арналған жол кеңейтіліп, жаңартылды және мұнда озық үлгідегі жарықтандыру технологиясы қолданылған.

Суретті түсірген автор

Тәуелсіздікке – 30 жыл

ДАҢҚТЫ ДИНАСТИЯ ӨКІЛІ

Түркісіб құрылысының түп отаны саналатын Жарма өңірінен шыққан әйгілі Тұрсынбековтер династиясын бүгінде ел шығысындағы теміржолшылар түгел таниды. Осы әулеттің ең кіші буын өкілі Ернұр Тұрсынбеков – ел тәуелсіздігінің түйдей құрдасы.



Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

1991 жылы егемендік таңы атқан шақта дүние есігін ашқан бақытты ұрпақ өкілі бүгінде әулеттің атақәсібін жалғастырып, өзі туып өскен өңірде станция басшысы болып еңбек етуде.

Жаңасемей – Шар телімінің 739,9 шақырымында орын тепкен

3-ші класты Суықбулақ станциясында жылдың төрт мезгілінде де жұмыс қауырт. Сондықтан аймақ бойынша іргелі өнеркәсіптердің ірі шикізаттық ошағы саналатын бұл өңірдің теміржолшылары үшін жауапкершілік те жоғары. Құллі республиканың цемент, асбест өнімдері сынды құрылыс материалдарымен қамтып отырған Семейдегі іргелі зауыттардың кеніш

орындары, өндіріс ошақтары осында орын тепкен. Мұндай станция жұмысын басқару да, әрине, оңай емес. Небәрі 24 жасында станция тізгінін қолына алған Ернұр сол кезде Қазақстан темір жолындағы ең жас станция бастығы болған екен. Бір қызығы, кезінде кейіпкеріміздің әкесі де осы станцияны басқарған, атасы мен әжесі өмір бойы осында еңбек еткен.

– Көзімді ашып көргенім осы станция болғасын үйімдей болып кеткен, жас болсам да еш қобалжыған жоқпын, міне, алты жылым осы қызметте өтті, қазір менен де жас станция басшылары бар, отыздан астық, – дейді тәуелсіздік құрдасы.

Ернұрдың атасы Тұрсынбек ақсақал осы станцияда еңбек етсе, әжесі Фаузия апа қатардағы жолшы болған. Ал әкесі Талғат Тұрсынбекұлы осы Суықбулақта, кейіннен Дегелең станциясын басқарған теміржолшы болды.

Жоғары білім алған соң еңбек жолын қалыптасқан дәстүр бойынша пойыз құрастырушысы болып бастап, аз жылда станция бастығы қызметіне тағайындалған жас маманға алғашқы жылдары ата-сынын көзін көрген, әкесін жақсы білетін аға буын теміржолшылар үлкен қамқорлық жасапты. Әсіресе еңбек өтілдері 30 жылдан асатын пойыз құрастырушылар Сұлтанғазы Түсіпов, Мұсағали Оспанов және станция кезекшісі Мұратбек Нұрғалиев сынды ақылшы ағалары буыны бекітіп, бұғанасы қатпаған үздің басшылық қызметте қа-

лыптауына көп үлес қосқан екен. Ернұрдың өзі оны мақтанышпен айтып берді.

Шағын болса да шаруасы қауырт, 16 адамнан тұратын станцияға басшылыққа тағайындалғанда ол әкесінің әдісіне салып жұмыс жүргізгенін жасырмайды. Шағын лездемелік жиындар өткізу, тауар қасирлері мен диспетчерлерге нұсқау беру, пойыз құрастырушыларының жұмыстарын тексеруде әкесінің жүріс-тұрысына, тіпті дауыс ырғағына да салып алады екен. Ал, қиын да күрмеулі сәттер туындағанда Дегелең станциясының бастышы болып ауысқан әкесіне қоңырау шалып, ақыл-кеңес сұрап отырған.

– Әкелі-балалы станция басшылары болудың жауапкершілігі де жоғары болады екен. Станция бастықтары арасында түрлі сайыстар, байқаулар өтеді. Сондай-ақ әкем: «Ұлым, намысты қолдан берме, сенің есіміңмен бірге Тұрсынбековтер династиясының да аты аталатынын ұмытпа!» деп үнемі қайрап отыратын, – дейді Ернұр Талғатұлы.


Әйтсе де, әкелі-балалы басшылар

арасында жарасымды түрде еңбек жарысы болғанын да жасырмайды.

– Біздің станциядағы жүк тиеу, түсіру жұмыстары маусымдық болып саналмайды. Сол себепті қысы-жазы бір қалыпта, 24 сағат көлемінде қалтқысыз қызмет көрсетеміз. Тұрақты түрде тәулігіне 80 вагонға жүк тиеп жолға шығара аламыз. Кейбір кездері тапсырыс саны күрт артып кететіні де болады. Мәселен, ағымдағы жылдың өткен қыркүйек-қазан айларында 90 вагонға дейін жеткіздік. Ал, әкем осы станцияда басшылық қызметте жүргенде мұндай рекордтық көрсеткіш болмапты. Соған қарап, Тәуелсіздіктің жасампаз ұрпағы – біздің буының еңбегі асып кетті деп айта аламын, – дейді станция басшысы. Айтпақшы, қазіргі күні станцияда жастардың үлесі артқан. Көпшілігі – егемендік жылдарында өмірге келген өрендер. Табиғаты аса қатаң, қысы қытымыр, жазы аңыз, шағын ғана елді мекенде тұрақтап еңбек етіп жүрген олар отызында қамал аларын ұрпақ екендерін іспен дәлелдеп жатыр.

Суретті түсірген автор

ЛОКОМОТИВАМ ПОВЫСИЛИ БАЛЛЫ



КОМИССИОННЫЙ
ОСМОТР

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

Фактически, осенний комиссионный осмотр в ТЧЭ-22 прошли 30 единиц локомотивов, или 100% от плана. Из них 15 единиц серии ТЭЗ3А и столько же – серии СКД6е.

Не подлежали осмотру 4,5 единицы тепловоза из приписного парка Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо. Это 3,5 единицы серии 2ТЭ10, которые находятся на консервации длительного хранения и в ожидании исключения из инвентарного парка. Еще одна единица – тепловоз серии 2ТЭ10М – отставлен от эксплуатации на консервации длительного хранения 9 сентября 2021 года после истечения срока службы.

Две единицы тепловозов серии 2ТЭ10М и 2ТЭ10У зачислены в инвентарный парк

ТЧЭ-22 Оскемен в период проведения ОКО, они уже прошли комиссионный осмотр.

Осенний комиссионный осмотр локомотивов серии СКД6е проходил в ЛРД Шар с участием представителей ТЧЭ-22 при проведении планового и внепланового сервисного обслуживания. Здесь им сменили смазку на зимние виды под контролем химико-технической лаборатории с записью в журнале ремонта тепловоза формы ТУ-28 и журнале технического состояния тепловоза формы ТУ-152. Также тепловозам выполнили корректировку плотности электролита аккумуляторных батарей на зимний режим работы, установку утеплительных чехлов секций охлаждения и дверей капота дизельного помещения, провели проверку и восстановили работу противопожарной сигнализации, пожарных установок.

Комиссионный осмотр локомотивов

серии ТЭЗ3А проходил в сервисных центрах станций Аягоз, Актобе, Сексеул при проведении планового и внепланового сервисного обслуживания. Для ОКО этих локомотивов выполняли работы по переводу сезонных заслонок подачи воздуха в турбокомпрессор, обдува ТЭД на зимний режим, подключению системы топливно-подогревателей, установке металлических щитов радиаторного отсека.

15 единиц тепловоза серии ТЭЗ3А завершили ОКО с оценкой «отлично», 15 единиц серии СКД6е – с оценкой «хорошо». Если средний балл при постановке на ОКО для всех локомотивов составил 3,5, то при выходе с него – 4,5 балла.

Помимо этого, в ТЧЭ-22 провели обкаточные испытания локомотивов серии ТЭЗ3А со снегоборочной техникой ЭСО-3, ФРС-2, СДПМ.

НЕ ДАТЬ ОГНЮ ШАНСОВ



УЧЕНИЯ

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай

Как сообщил начальник государственной железнодорожной противопожарной службы Султан Смамбаев, учения проводились с привлечением пожарного поезда станции Кушмурун, подразделения ГУ «Служба пожаротушения и аварийно-спасательных работ» ДЧС Костанайской области, формирования звеньев гражданской защиты.

По тактическому замыслу учений, в результате неосторожного обращения с огнем в столярном цеху вагоноремонтного депо произошло возгорание деревянных досок. К месту возгорания

немедленно прибыли пожарные расчеты и спецтехника. Был развернут оперативный штаб, и началось тушение пожара. Действия огнеборцев были уверенными и быстрыми. В короткий срок возгорание удалось локализовать, а затем полностью ликвидировать. По итогам учений руководство вынесло положительную оценку.

– Цель нынешних учений – отработка взаимодействия между ГУ «Служба пожаротушения и аварийно-спасательных работ» ДЧС Костанайской области, АО «НК «Қазақстан темір жолы», – говорит Султан Смамбаев. – А также проверка готовности формирований, привлекаемых



для тушения пожаров, обучение личного состава оценке обстановки пожаров в административном здании, определению решающего направления на пожаре, организации тушения

пожара в сложных условиях и управлении личным составом при работе в боевой обстановке. Все эти цели были достигнуты в результате данных учений.

Фото автора

ТРАНСФОРМЕРЫ ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГИ



ЮБИЛЕЙ

Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар

Ранее на своих страницах газета «Қазақстан теміржолшысы» рассказывала о различной, не менее интересной специальной технике, предприятиях, людях пассажирских перевозок, Павлодарских отделениях ГП и магистральной сети.

Но на этот раз нас ждало поистине захватывающее зрелище. О такой экскурсии мечтают не только мальчишки, но и взрослые мужчины. Итак, как мы узнали, в магистральной сети есть пожарные и восстановительные поезда. Это сложные машины, для работы с которыми, как говорят железнодорожники, нужно иметь большое и храброе сердце. Но обо всем по порядку. Первый пункт посещения – противопожарная служба. Нетрудно догадаться, для чего она предназначена на железной дороге.

– По отделению имеется три пожарных поезда, которые дислоцируются на крупных станциях Павлодар, Екибастуз и Ерейментау. Они состоят из одиннадцати единиц подвижного состава, куда входят вагон-насосные станции, вагон-гаражи, две цистерны с водой по 50 кубов и пожарная автомашина. Станция полностью оснащена пожарно-техническим снаряжением. Это мотопомпа мощностью 30 литров в секунду, рукава длиной два километра, боевая одежда для личного состава, три куба пены, электростанция, генератор, необходимые для освещения в темное время, – рассказывает начальник противопожарной службы Павлодарского отделения магистральной сети Мергалим Кибашев. – У нас четыре караула, в каждом по три-четыре человека. Конечно, по положению должно быть больше, порядка 26 человек. В течение 15 минут мы обязаны прибыть на место тушения огня. Без письменного



приказа мы не приступаем к работе, но все это делается оперативно с помощью диспетчерской службы. В первую очередь сотрудники дистанции электроснабжения должны обесточить и заземлить электроконтактную сеть, напряжение которой 27,5 тысячи вольт переменного тока.

Конечно, специальная техника нуждается в обновлении, дата выпуска пожарного поезда – 1953 год, но Мергалим Кибашев заверяет, что советские машины прослужат еще долго. Кроме того, они проходят ежемесячный осмотр, далее капитальный и типовый ремонт. Тем не менее, каждый год павлодарские железнодорожники подают заявки на приобретение новых.

Если на путях случается авария – сход или крушение поезда, то тогда на помощь приходят восстановительные поезда. Именно на этой стоянке мы увидели мощную технику, захватывающую своими размерами и пугающую одновременно только одним своим звуком или, точнее будет сказать, рычанием. Основные из них – кран ЕДК-1000/4 производства ГДР грузоподъемностью 125 тонн, чебоксарские тяжелые промышленные тракторы Т-330, гидравлическое оборудование – домкраты (60 и 120 тонн). Главная достопримечательность – бронированный танковый тягач на базе САУ ИСУ-152 1943

года выпуска. Транспорт на ходу! Но сейчас находится на ремонте. Он предназначен для извлечения вагонов из завалов, воды, болота и тоннеля. Всем этим управляет сплоченный, дружный коллектив. Это крановщики, трактористы, электрики, стропальщики (всего 28 человек).

Несмотря на немецкое качество, славящееся в мире, железнодорожники надеются, что в ближайшее время в Павлодарский регион придет новый транспорт. Сегодня обновляется парк Нур-Султана. В общем, процесс не быстрый, если учитывать стоимость одной такой спецтехники.

Действия при аварии у бригады восстановительных работ примерно такие же, как и у пожарной службы, но время для сбора и пребывания на месте ЧП – 40 минут. На осмотр и анализ ситуации по нормативу дается две минуты, на устранение последствий – 70. Согласно анализу и мониторингу, восстановительные поезда выезжают на аварии стабильно три раза в год. К примеру, за девять месяцев 2021 года железнодорожники уже устранили четыре последствия схода с рельсов локомотива и грузовых вагонов. Железнодорожные спасатели трудятся в тесной связке с территориальными подразделениями ДЧС Павлодарской области.

Фото Константина ШЕЛКОВА

КУРЫК НАРАЩИВАЕТ ГРУЗОПОТОК

Любовь РОВБА,
Нур-Султан



ПОРТ

За 10 месяцев текущего года перевалка грузов через порт Курык достигла 762 тысячи тонн.

Морской порт Курык – важное звено Транскаспийского международного транспортного маршрута, обеспечивающее мультимодальную транспортировку грузов из Китая в Азербайджан, Грузию и страны Европы.

С января по октябрь 2021 года в порту Курык обработано 329 судов. Стоит отметить, что пропускная способность железнодорожного причала порта – 4,1 миллиона тонн грузов в год. Автомобильный причал позволяет обработать 1,9 миллиона тонн в год. И если за весь 2020 год объем грузов через оба причала составил 1,6 миллиона тонн, то уже за 10 месяцев 2021 года перевалено более 700 тысяч тонн грузов.

В прошлом месяце руководство порта подписало соглашение о сотрудничестве с девелопером проекта Многофункциональный морской терминал «Саржа» в порту Курык ТОО «SEMURG INVEST», которое способствует развитию порта и привлечению дополнительного грузопотока.

ГАРАНТИЯ БЕСПЕРЕБОЙНОЙ РАБОТЫ

Надежда НОВИЦКАЯ,
Кокшетау



ПОДГОТОВКА
К ЗИМЕ

К предстоящей зиме филиал ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» готово на 100%. Для эффективной и уверенной работы в холодный период здесь провели ремонт и испытание оборудования, служебных помещений, обеспечили предприятия запчастями, необходимым запасом горюче-смазочных материалов и угля.

Так, с 13 по 28 сентября в регионе прошел осенний комиссионный осмотр под руководством первых руководителей Акмолинского отделения ГП, Акмолинского отделения магистральной сети и ревизоров департамента безопасности движения.

Основные задачи проверки – получение комплексной информации о состоянии путевого хозяйства по результатам выполненных за летний период ремонтно-путевых работ, выявление случаев несоответствия требованиям нормативных документов с целью их оперативного устранения до вхождения в зиму; определение текущего состояния инфраструктуры, подвижного состава, производственно-технических объектов, технических средств, выявление отклонений в их содержании.

На особом контроле – проверка готовности снегоборочной техники, состояния пневмообдувки и компрессорных станций, заготовка снегозащитных щитов, заборов, подготовка восстановительных и пожарных поездов, котельных и теплосетей, жилищно-коммунальных объектов, пунктов водоснабжения и заправки пассажирских вагонов, регулировки контактной сети, воздушных проводов, зазоров в стыках рельсов и содержание рельсовых цепей.

Также в ходе осмотра была проведена подготовка локомотивного парка, где большое внимание уделялось локомотивам, предназначенным для использования в пассажирском движении. Все мероприятия проводились в соответствии с инструкциями по подготовке к работе и техническому обслуживанию локомотивного парка в зимних условиях.

На сегодняшний день работники отделения обеспечены зимней спецодеждой и спецобувью на 100%.

Согласно плану, по 6 котельным проведена ревизия котлов отопления, готовность на сегодняшний день составляет 100%.

На отопительный сезон 2021-2022 года приобретено 2 220 тонн технического и 700 тонн бытового угля.

Продолжается текущий ремонт зданий на сумму 41 миллион 238 тысяч тенге, в том числе по Жана-Есильскому эксплуатационному локомотивному депо, административному зданию станции Сороковая, пункту технического осмотра станции Сороковая, пункту технического осмотра нечетного парка станции Нур-Султан, маневровой вышке станции Нур-Султан.

Проведен комиссионный осмотр подвижного состава, все локомотивы готовы к работе в зимний режим.

Со всеми вновь принятыми работниками проведены внеплановые инструктажи и технические занятия по безопасным методам работы, изданы приказы о закреплении их за опытными работниками.

– Регулярные осмотры и проверка хозяйств – лучшая гарантия обеспечения безопасного и бесперебойного движения поездов. Результаты по итогам осеннего комиссионного осмотра будут учитываться при разработке перспективных и текущих планов ремонта, содержания всех элементов сооружений и устройств, подвижного состава, технических средств в исправном состоянии, рационального использования материальных, топливно-энергетических и трудовых ресурсов, – отметил и. о. директора филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» Әділхан Дәкенов.

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы «Магистральдық желі дирекциясы» филиалының басшылығы мен еңбек ұжымы Адами ресурстарды басқару департаментінің бас менеджері Қатаева Гүлнар Ғұзайырқызына ағасы Нұралы Ғұзайырұлы Қатаевтың қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

№94 (2702) 12/11/2021

АЗАТТЫҚТЫҢ АЛТЫН ДІНГЕГІ



ДӨНГЕЛЕК
ҮСТЕЛ

Тәуелсіз елдің ұлы – өжет, қызы – қайратты, халқы қаһарман болуы тиіс. Оның құнын бағалау – бүгінгі ұрпақтың басты парызы. Осындай зор рухты күш беретін тәуелсіздіктің құнын насихаттаған шара Ақтөбе станциясындағы желілік полиция бөлімінде өтті.



Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

«Тәуелсіздік – тірегіміз» атты дөңгелек үстелге желідегі тәртіп сақшылары мен станция қызметкерлерінен бөлек Ақтөбе қаласының ішкі саясат және жастар ісі жөніндегі басқармасының мамандары, ардагерлер арнайы шақырылды.

Көліктегі полицейлер арасында тәуелсіздіктің құрдастары да баршылық. Бөлімше тергеушілері Гүлбақыт Әлимаханова, Тимур Айтмұханов,

полиция майоры Абылайхан Өтеуов, полиция аға лейтенанты Мырзахан Кажниязов, жедел криминалистикалық тобының криминалисі Іңкәр Кенекбаева және патрульдік полиция тобының полицейі, аға сержант Жантай Алмағанбетовтер тәуелсіздік таңы атқан жылы өмірге келгендерін мақтанш етеді. Олар аға буынның еңбек жолын абыроймен жалғастырып келеді.

– Тәуелсіздік – азаттықтың алтын дінгегі, ұлттық өрлеудің ұлы күші. Оны жастардың бағалай білуіне ықпал

етуіміз қажет. Кез келген ұлттың қолы жете бермейтін тәуелсіздігімізді көздің қарашығындай сақтау – әрбіріміздің қасиетті борышымыз, – деп сөз сөйлеген Ақтөбе станциясы ЖПБ бастығы, полиция подполковнигі Айбек Бекжанов жастарды елін-жерін сүйіп, отаншылдық рухты арттыруға шақырды.

Шара ұлт тарихында өшпес із қалдырған тарихи тұлғалардың еңбегін насихаттауға ұласты. Батыс аймақтық көліктегі полиция департаменті ардагерлер кеңесінің төрағасы Сабит Садықов Президенттің "Тәуелсіздік бәрінен де қымбат" мақаласын тілге тиек етіп: "Тәуелсіздік – қазақ халқының, Қазақстан халқының басына біткен бақ. Бұл – еш уақытта маңызы жоғалмайтын, ғасырлардан ғасырларға ұласатын үлкен құндылық. Әрбір Қазақстан азаматы соның қадір-қасиетін білуі керек. Қазақ халқының ұзақ тарихи кеңістікте өмір сүруі, этнос ретінде, ұлт ретінде сақталуы тәуелсіздікке тікелей байланысты және ол – ұлтымыздың келешегін қамтамасыз ететін құбылыс", – деді.

Суретті түсірген автор

КИБЕР ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ АЛДЫН АЛУДЫ КӨЗДЕЙДІ



ПРОФИЛАКТИКА

Сай-Өтеc станциясындағы желілік полиция бөлімшесінің қызмет көрсету аймағында «Hi-tech» жедел-профилактикалық іс-шарасы өтуде.



Айсұлтан АРМАН,
Маңғыстау

8-14 қараша аралығында жүргізілетін «Hi-tech» жедел-профилактикалық шарасы аясында ақпараттандыру және байланыс саласындағы құқық бұзушылықтарды, сондай-ақ ақпараттық технологияларды пайдалана отырып жасалатын құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу және ашу бойынша мақсатты жедел-іздестіру жұмыстары жүргізілуде.

– «Hi-tech» жедел-профилактикалық іс-шарасын өткізу барысында зиянды бағдарламаларды, арнайы техникалық құралдарды, порнографиялық және өзге де тыйым салынған өнімдерді дайындайтын

және тарататын тұлғаларды анықтау, олардың қылмыстық әрекетін құжаттандыруға бағытталған жедел-іздестіру жұмыстарына басымдық беріп отырмыз, – дейді Сай-Өтеc станциясындағы ЖПБ басшысы Нұрлыбек Рахметов.

Аталған іс-шара барысында полиция инспекторлары станциядағы теміржол мекемелерінің қызметкерлерімен кездесіп, «Hi-tech» мақсатын түсіндірген. Арнайы бейнероликтер көрсеткен. «Кибер қылмыстардың алдын алу мақсатында жүргізіліп жатқан бұл шараның маңызы өте зор. Ол кез келген салаға кибершабуылдан сақтануға септік етпек» дейді инспекторлар.

Суретті түсірген автор

Спорт

ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНДА – ШИЕЛІЛІК ЖОЛШЫЛАР

Қызылорда жол дистанциясының Қаракеткен мен Шорнақ станциялары аралығындағы өндірістік телімдерінің жастарынан құралған 5 команда шағын футболдан жарыс өткізді. Тәуелсіздіктің 30 жылдығы құрметіне өткен спорт сайысында Шиелі станциясындағы 4-өндірістік телім жолшылары жеңіске жетті.



Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Ұжымдық достықты нығайтып, салауатты өмір салтын бекемдеуді мақсат тұтқан спорттық додаға жолшылар ұжымы көнігі спортшылардай даярлықпен келіп, қызықты да тартысты ойын көрсетті. Құрамалар арасында тартылған жеребе бойынша аланға шыққан командаларды дистанция бастығы Марат Оңалов, «Қазкөліккәсіп» ҚБ филиалы төрағасы Бауыржан Ахметов, «Теміржол» филиалы төрағасының орынбасары Базара Танбаева, ұжымның кәсіподақ ұйымының төрайымы Ғалия Ноғайбаева құттықтап, жеңіс тіледі.

– Қызылорда агроколледжінің спорт залында өтіп жатқан дистанция теміржолшыларының турниріне қатысушы барлық командаларға жарыс жолында сәттілік тілейміз. Бұған дейін аймақтағы карантиндік жағдайға байланысты бұқаралық көпшілік шаралар шектелген болатын. Бүгін кәсіподақтың ұйытқы болуымен Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай дистанцияда шағын футбол турнирін ұйымдастырып, оған барлық телімдерден командалар қатысып отыр. Осалы жоқ, бәрі сайдың тасындай іріктелген командалар. Жолшыларымыз спорттық ойындарды сағынып қалыпты, тайлы-таяғы қалмай келіп, бір қызықты дода болғалы тұр, – деп әріптестерімен мақтана алатынын білдірді дистанция басшысы Марат Оңалов.

Әрине, құрамалардың арасынан қайсысы жеңіске жететіні ойынның

алғашқы турында белгісіз болды. Дегенмен командалардың өзара кездесуінен кейін есеп айырмашылығымен оқ бойы оза шыққан шиелілік 4-телімнің бәсі басым екендігі аңғарылды. Иә, аяқ алысы ширақ, өзара түсінісе қимылдап, қарсыластарының осал тұсын деп таба білетін құраманың сауатты ойыны алғашқы айналымнан кейін-ақ жеңіс тұғырынан үмітті екендігін байқатты.

– Бүгінгі спорт мерекесінде жүлделі орын алған командалар мен көзге түскен жекелеген ойыншыларға арнайы бағалы сыйлығымыз, кубок, дипломдарымыз бар, жалпы жарыс болғасын бірі жеңіп, бірі жеңіліс табады. Дегенмен, жолшылар – қандай жағдайда да достық жеңді дейтін қауым, сондықтан барлық қатысушыларды марапатсыз қалдырмаймыз, – деді ұжымның кәсіподақ ұйымы төрайымы Ғалия Ноғайбаева.

Расмыен, Шиелілік жолшылар ешкімге дес бермей, ойын соңына дейін үздік ойын үлгісін көрсетіп, жүлделі 1-орыннан көрінді. Сауран станциясынан келген 6-өндірістік телім командасы – 2-орын, Сұлутөбенің 3-өндірістік телім құрамасы 3-орын иеленіп, турнир қорытындыланды. Сондай-ақ, шебер ойын өрнегімен айрықша көзге түскен Бақытжан Махамбетов – үздік қақпашы, Диас Каженов – үздік шабуылшы, Нұрлан Жұмаділдаев үздік қорғаушы атанып, арнайы жүлделермен марапатталды. Жалпыкомандалық есепте орын алған командаларға да ынтыландыру сыйлығы берілді.

Суретті түсірген автор

ЗАСЛУЖЕННОЕ «ЗОЛОТО» ТУРНИРА

Команда АО «НК «ҚТЖ» стала победителем турнира по мини-футболу среди работающей молодежи столицы.

Любовь РОВБА,
Нур-Султан

Спортивное мероприятие приурочено к 30-летию независимости РК и прошло под девизом: «Твоя жизнь – бесценна!». Организатором выступил ИП «Aligroup» при поддержке управления по противодействию наркопреступности столичного департамента полиции и управления по вопросам молодежной политики Нур-Султана.

В турнире приняли участие шесть команд из таких крупных компаний, как АО «НК «ҚТЖ», АО «КЕГОС», BAZIS-A и АО «НАК «Казатомпром».

– Наша цель – популяризация и развитие массовых видов спорта, пропаганда здорового



образа жизни и приобщение молодежи к систематическим занятиям физической культурой, а также выстраивание нетворкинга, – поделилась директор Aligroup Салтанат Али.

Турниры по разным видам спорта организаторы планируют проводить еженедельно. Так, впереди состязания по волейболу и настольному теннису.

В команду ҚТЖ по мини-футболу вошли молодые сотрудники дочерних предприятий и подразделений компании.

Участников разделили на две группы – по три команды в каждой. Футболисты АО «НК «ҚТЖ» вышли с первого места в группе и в полуфинале встретились с представителями ТОО «Торгово-транспортная компания» (дочерняя организация АО «НК «Казатомпром»). Одержав очередную победу, железнодорожники в финале вступили в борьбу за первое место с командой профессионально-технического колледжа. Счет по итогам встречи стал

разгромным – 6:1 в пользу АО «НК «ҚТЖ». Это заслуженное «золото» турнира! К слову, наша команда провела все игры без поражений, за что получила звание лучшей по итогам соревнований.

Лучшим игроком признан менеджер департамента по работе с клиентами АО «КТЗ Экспресс» Наурызбек Жабарин.

– Мы очень рады победе на турнире. Руководство АО «НК «ҚТЖ» активно поддерживает развитие спорта и физической культуры среди работников. И мини-футбол пользуется большой популярностью у железнодорожников, в него играют не только молодежь, но и ветераны. Многие из них – участники городской лиги и являются примером для молодого поколения, – отметил главный бухгалтер ТОО «Камкор Сервис» Ернар Шамшиденов. – Благодаря таким соревнованиям наши сотрудники демонстрируют спортивный азарт и сплоченность, лучше узнают друг друга и достойно представляют компанию.

Фото автора

ФУТБОЛ – ЛЕКАРСТВО ОТ БЕЗДЕЛЬЯ

В шахтерской столице проходит очередное открытое первенство Карагандинской области по футболу среди детских и юношеских команд сезона 2021-2022 года. В спортивном мероприятии приняли участие 8 команд со всего Казахстана.

Светлана МОГАЙ,
Караганда

На протяжении 20 лет в Карагандинском отделении ГП существует команда «Локомотив», зарекомендовавшая себя составом сильных и профессиональных игроков. Ежегодно их сменяют новые футболисты, демонстрирующие новые подходы к популярной игре. Таким образом, осуществляется преемственность поколений, которая передается по доброй традиции от старшего поколения младшему. Эстафетная цепочка длится долго и не прервется благодаря усилиям Карагандинского филиала ОО «КАЗПРОФТРАНС», который на сегодняшний день возглавляет Яхия Альмусин. Филиалом созданы благоприятные условия ребятам,

занимающимся спортом – команде предоставляется транспорт, организовываются поездки, закупается форма. Родители-железнодорожники выражают благодарность инструктору по спорту Тагату Аймаңбетову и Карагандинскому филиалу ОО «КАЗПРОФТРАНС» за формирование детской футбольной команды. С их слов футбол – идеальный вид спорта для детей. Он учит их дисциплине, организованности сплоченности, дружбе, солидарности. Важно разделять с игроками не только моменты победы, но и поражения.

Благодаря футболу ребенок имеет возможность проявлять лидерские качества и дать выход скопившейся энергии. Этот вид спорта способствует развитию выносливости и скорости. У детей нет



времени на безделья, считают работники Карагандинского отделения дороги.

В первенстве принимают участие 8 команд из разных регионов Казахстана. В их составе выступают дети железнодорожников от 10 до 12 лет.

Так, в ходе прошедших товарищеских матчей команда карагандинских игроков одержала победу над командой «Болат – Темиртау» со счетом 12:4. Таким образом, ребята продемонстрировали отличную игру, следуя советам старших товарищей. Первенство продлится до апреля следующего года.

Фото автора



ҚАЗАҚСТАН
ТЕМІР
ЖОЛЫ



ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор
Дина Муздубаева
Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Нур-Сұлтан, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 20 000

**Газет сейсенбі,
жұма күндері шығады.**

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су көлігі
қызметкерлерінің кәсіби одағы»
қоғамдық бірлестігі айналысады.
© «Қазақстан теміржолшысы»
газетінде жарияланған
материалдарды
көшіріп немесе өңдел басу үшін
редакцияның жазбаша рұқсаты
алынып, газетке сілтеме жасалуы
міндетті.
Редакция авторлар мақаласы мен
жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Л. Ровба, Р. Рахметова

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Шымкент: Жаная Сыдықбай 8-707-390-17-18
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Жамбыл: Асқат Райқұлов 8-700-330-01-53
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабыржан Надірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Карағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айदान Ертай 8-747-535-21-58
Ақтөбе: Ардақ Ерубеева 8-702-843-27-97
Көкшетау: Надежда Новицкая 8-701-854-38-27

Редакцияның мекен-жайы:
Нур-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және
бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық
агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың
30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.